

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

7-ші САБАҚ

БАЛАҒА ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БАЛАМАЛАРЫН ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК

Алдымен
жұынамыз, сосын
кітап оқимыз.



Баланы дамытуды үйренеміз

ДДСҰ “Caregiver Training Skills” (балаларға күтім көрсетуді үйрету) бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ ӘОД ғПО, ҚР ДСМ РПДғПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

7-ші САБАҚ

БАЛАҒА ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БАЛАМАЛАРЫН ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК

МАЗМҰНЫ	БЕТ
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Біз бұғін нені білетін боламыз	3
Баламның көңіл-күйі термометрі	4
Ұсыным №1	5
Жағымсыз міnez-құлышқа реакция оның себебіне байланысты	7
Мадинаның оқиғасы	9
Ильяның оқиғасы	11
Негізгі хабарлама №1	12
Бірдеңеге қол жеткізуге бағытталған міnez-құлышқ	13
Ұсыным №2	15
Өзіне көңіл аударуға бағытталған міnez-құлышқ	16
Ұсыным №3	18
Бірдеңені тоқтатуға немесе қашуға бағытталған міnez- құлышқ	19
Ұсыным №4	20
Сезімге бөленуге бағытталған міnez-құлышқ	21
Ұсыным №5	22
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	23
Сұрақтарға жауаптар	25
Әрі қарайғы қадамдар	27

БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ		Күні, үақыты, орны
Үйге бару 1		
Телефон арқылы тіркеу		
Сабак 1	Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабак 2	Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысусын қалай қолдау керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабак 3	Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысусына қалай көмектесу керек	
Келесі сабак туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабак 4	Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады	
Келесі сабак туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабак 5	Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек	
Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабактар арасында)		
Сабак 6	Баланы жағымсыз мінез- құлыштан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысусына және басқарылуына қалай көмектесу керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабак 7	Балаға жағымсыз мінез-құлышқ баламаларын қалай үйрету керек	
Келесі сабак туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабак 8	Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек	
Келесі сабак туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабак 9	Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек	
Үйге бару 3		
Қосымша сабактар:		

7-ШІ ТОПТЫҚ САБАҚ

**БАЛАҒА ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БАЛАМАЛАРЫН ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ
КЕРЕК**


БІЗ БҮГІН НЕҢІ БІЛЕТІН БОЛАМЫЗ:

- Бүгін біз балалардың жағымсыз міnez-құлқы тақырыбын әрі қарай жалғастырып, жағымсыз міnez-құлышты қалай басқару керек екені туралы көбірек білеміз
- Жағымсыз міnez-құлыш түрлерін қалай анықтау керек екені және балаға оны жеңуге қалай көмектесуге болатыны туралы білеміз



МЕНИҢ БАЛАМНЫҢ КӨНІЛ-КҮЙ ТЕРМОМЕТРИ

ОСЫ АПТАДА БАЛАҢЫЗДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНАН НЕҢІ БАЙҚАДЫҢЫЗ



Менің балам
ыстық/қызыл,
келесі
жағдайларда:

ЫСТЫҚ / ҚЫЗЫЛ
(«Басқарылмайтын»)

Менің балам
жылы/сары,
келесі
жағдайларда:

ЖЫЛЫ / САРЫ
Көнілі қалудың,
мазасызданудың, көнілі
түсудің алғашқы белгілері
пайда болады



Менің балам
салқын/жасыл,
келесі
жағдайларда:

САЛҚЫН/ ЗЕЛЕНЫЙ
(“Басқарылатын”)
Сабырлы және үйренуге дайын

Ұсыным № 1

**БАЛАҒА КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРДІ АТҚАРУ РЕТИН ТҮСІНУГЕ КӨМЕКТЕСУ ҮШІН
ЖӘНЕ ЖАҒДАЙДЫ БАҚЫЛАУДА ҰСТАУ ҮШІН СУРЕТТЕРІ БАР ГРАФИКТІ
ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ**

- «БАСЫНДА-КЕЙІН» суреттері бар график балаңызға қазір не болып жатқанын және одан кейін не болатынын көрсетеді







- Біз балаға 2 суретті көрсетіп, «Қазір жұынамыз, одан кейін киім киеміз» деп айта аламыз

Суреттері бар график балаңызға енді орын алатын өзгерістер туралы ескертуге көмектеседі.

Бұл баланың әрі қарай не болатынына қатысты мазасыздандыуын және стрессін азайта алады.

- «КҮНДЕЛІКТІ КЕСТЕ» суреттері бар график балаңызға бірден бірнеше қадамды көрсетеді
- Мысалы, төменде баланың күнделікті кестесі көрсетілген. Онда бала үйге келгенде істейтін әр қадам бейнеленген.

Аяқ-киімді шешу		
Тамақ ішу		
Ағасын мектептен алып кету		
Ойындар		

ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚА РЕАКЦИЯ ОНЫҢ СЕБЕБІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ



Бірдеңеге қол жеткізу

СІЗГЕ ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТУ



Сол затты немесе тағамды сұрау үшін балаға лайықты дағдыларды пайдалануға көмектесіңіз. Табанды және сабырлы болыңыз, жағымсыз міnez-құлышқа көрініс бергенде талап еткенін берменіз.



Өзіне көңіл аудару



Жағымсыз міnez-құлышқа тоқтамағанша балаға қарамаңыз және онымен сейлеспеніз (міnez-құлышқты елеменіз)




Жағымсыз міnez-құлышқа тоқтағанда баланың орынды міnez-құлышқына мақтау және көңіл бөлу арқылы реакция көрсетіңіз

ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

СІЗГЕ ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТУ КЕРЕК



Бірдеңені тоқтату немесе
одан қашу



Тісімізді 2 минут
тазалаймыз,
сосын болды!

Тазалаймыз!
Тазалаймыз!
Тазалаймыз!



Сезімге бөлену

Балаға сіздің одан нені қалайтыныңызды түсінуге және оның жағымсыз міnez-құлқы жоспарланған әрекетті тоқтатуға мүмкіндік бермейтінін үғынуға көмектесіңіз.

Балаған қалаған сезімдеріне қарым-қатынас жасау арқылы қол жеткізуға көмектесіңіз немесе сезімге бөлену қажеттілігін әлеуметтік түрғыдан орынды жолмен өтеу мүмкіндігін беріңіз.

Әрі балаңызға қалаған сезімге бөлену үшін қарым-қатынас жасауға көмектесіңіз


МАДИНАНЫҢ ОҚИҒАСЫ

ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ:

- жағымсыз мінез-құлқықта ДЕЙІН
- жағымсыз мінез-құлқық БАРЫСЫНДА
- және жағымсыз мінез-құлқықтан КЕЙІН бірден не болып жатыр

Бала өзінің мінез-құлқымен не айтқысы келеді?

Мадинаның анасы қызының жағымсыз мінез-құлқына қалай жауап береді?



9

Мадинаның анасы күнде кешке онымен бірге тіс тазалау дағдысын қайталайды. Мадинаға тіс тазалаған ұнамайды. Ұйықтар алдында анасы тіс тазалау керек екенін есіне алады.

Мадина інісімен ойнау үшін анасының ескертүін елемейді.



Мадинаның анасы тағы бірер минут күтіп, артынша қайтадан тісті тазалау керек екені туралы Мадинаның есіне салады. Мадина ұйықтар алдында тағы кішкене ойнай түру үшін ызындағы бастайды.

Кейде анысы тіс тазалауға бола кикілжіңге бармау үшін оған ойнауға тағы біраз үақыт беруге келіседі.



**Ал кейде «жоқ» дейді де, тісті тазалау керек екені туралы қайтадан
Мадинаның есіне салады.**

**Анасы осылай істегендеге Мадина жылай бастайды және еденге құлай
кетеді.**

Сонда анысы беріліп, оны тіс тазалауға мәжбүрлемейді.

ИЛЬЯНЫҢ ОҚИҒАСЫ

ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ:

- жағымсыз мінез-құлқықта ДЕЙІН
- жағымсыз мінез-құлқық БАРЫСЫНДА
- және жағымсыз мінез-құлқықтан КЕЙІН бірден не болып жатыр

Бала өзінің мінез-құлқымен не айтқысы келеді?

Ильяның әкесі баласының жағымсыз мінез-құлқына қалай жауап береді?



11

Артур жұмыс бабымен телефон арқылы көп сөйлесуге мәжбүр. Ол барлық қоңырауларды Илья балабақшадан келгенше аяқтауға тырысады, бірақ кейде үлгермей қалады да, ұлының көзінше телефонмен сөйлесуге тұра келеді.

Артур телефонмен сөйлесе бастаған сайын Илья қатты айғайлай бастайды: «Әке, әке! Қара! Әке, әке!» — және үйде жүгіре бастайды.



Артур көңіл аудармауға тырысып, телефонмен сөйлесуді жалғастыра береді, бірақ Илья одан сайын айғайлап, жүгіреді. Ақыр аяғында Ильяның айғайы мен жүгірісі үдеп кететіні соншалық, Артур оған қатал үнмен тоқтатуды бүйіруға мәжбүр болады немесе тынышталуы үшін жанына отырғызуға тырысады.

Негізгі хабарлама № 1

**БАЛАҢЫЗДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАҢЫЗ
(ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, КӨҢІЛ АУДАРУ, БІРДЕҢЕДЕҢ ҚАШУ НЕМЕСЕ СЕЗІМГЕ
БӨЛЕНУ) ЖӘНЕ СОЛ СЕБЕПКЕ ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ
КӨРСЕТЕТИНІЦІЗДІ ШЕШІҢІЗ**


Баланың жағымсыз мінез-құлқының төрт себебі бар:

- Қалаған затына қол жеткізу
- Өзіне көңіл аудару
- Қандай бар бір әрекеттен қашу немесе тоқтату
- Белгілі бір сезімге бөлену
- Жағымсыз мінез-құлқытың себебін анықтау үшін оған ДЕЙІН,
БАРЫСЫНДА және КЕЙІН не болғаны туралы ойланыңыз
- Тудырған себебіне қарай жағымсыз мінез-құлқыты тоқтатудың
немесе азайтудың түрлі әдістері бар

1. БІРДЕҢЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Жағымсыз мінез-құлыштың күшеттегі дұрыс жауап қайтармау мысалы

Балаларға қалағанына қол жеткізуге көмектесе алатын жағымсыз мінез-құлыш




Біз неге басқаша реакция көрсетуіміз керек?

Балаға айғаймен және жылаумен талап еткенін бере отырып, сіз оны бұрынғыдан да қаттырақ жылауға және айғайлауға үйретесіз. Бұл балаға қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді және ым-ишараны үйренуге көмектеспейді.


**ҚАЛАҒАН ЗАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-
ҚҰЛЫҚҚА БІЗГЕ ҚАЛАЙ ДҮРІС РЕАКЦИЯ КӨРСЕТУ КЕРЕК?**

Балаға затты беруге болса: сол затты сұрау үшін балаға лайықты дағдыларды (сөздер мен ым-ишарапы) пайдалануға көмектесеңіз.



14

Балаға затты беруге болмаса, табанды және сабырлы болыңыз, жағымсыз мінез-құлышқ көрініс берсе, затты берменіз.



ҰСЫНЫМ № 2

ЕГЕР БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ҚАЛАҒАН ЗАТЫНА ҚОЛ
ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БОЛСА, ОҒАН СӨЗДЕР МЕН ҮМ-ИШАРАНЫ
ПАЙДАЛАНУДЫ ҮЙРЕТИҢІЗ

- КӨРСЕТИҢІЗ және АЙТЫҢЫЗ - балаға қалағанын сұрай алуы үшін
сөздер мен үм-ишарапы көрсетіңіз


1



2



3



4



2. ӨЗІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Мінез-құлышың балаға біреудің көңілін өзіне аударуға көмектесе алады

Аударылатын көңіл жағымды (балаға қарау, әңгімелесу немесе баламен бір іс-әрекетке қатысу) немесе жағымсыз (балаға үрсу, айғайлау немесе физикалық түрғыдан ықпал ету) болуы мүмкін

Егер көңіл бөліп, баланың мінез-құлқына реакция көрсетсеңіз, онда сондай мінез-құлыштың қайталану ықтималдығы жоғары болады



**ӨЗІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ҚАНДАЙ
РЕАКЦИЯ КӨРСЕТУ КЕРЕК?**

**ЕЛЕМЕУ: қиқар мінез-құлышқа тоқтағанша күтіп отырғанда балаға
қарамаңыз және онымен сөйлеспеніз**



**Қиқар мінез-құлышқа біткенде баланы БІРДЕҢ МАҚТАҢЫЗ, тіпті
болмашы бірдеңе үшін, мысалы, бір-екі секунд тыныш отырғаны
үшін мақтаңыз**



Ұсыным № 3

ЕГЕР БАЛАНЫң МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ӨЗІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУҒА БАҒЫТТАЛСА, ОЛ ҮШІН ҚАУІПСІЗ БОЛҒАНДА ҒАНА СОНДАЙ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН КӨЗГЕ ІЛМЕҢІЗ

- Өзіңізден сұраңыз:
 - Осындай мінез-құлыш балама немесе басқа адамға зиян келтіре ала ма?
 - Бала қорыққаннан, науқастанғаннан немесе бір жері ауырып түрғаннан көңіл аударуды талап етіп тұр ма?
- Егер екі сұраққа да «ЖОҚ» деп жауап берсеңіз, ондай мінез-құлышты көзге ілмесеңіз болады



Жағымсыз мінез-құлыш тоқтағанда күтіп отырғанда БАЛАҒА ҚАРАМАЦЫЗ, ОНЫМЕН СӨЙЛЕСПЕҢІЗ ЖӘНЕ АЙФАЙЛАМАЦЫЗ (әйтпесе балаға көңіл аударып, қолпаштаған боласыз)




Есіңізде болсын, баланың өзіне
көңіл аударуға бағытталған
жағымсыз мінез-құлқы
жақсарғанша көзге ілмеу МІНЕЗ-
ҚҰЛЫҚТЫҢ УАҚЫТША
НАШАРЛАУЫНА АЛЫП БАРАДЫ. Бұл
баланың сіздің көніліңізді аударуға
бұрынғыдан да қаттырақ
тырысатымен байланысты болады.

Жағымсыз мінез-құлыш тоқтағанда
БІРДЕН БАЛАНЫ МАҚТАҢЫЗ, тіпті
болмашы бірдеңе үшін, мысалы, ол
бар-жоғы бірнеше секунд бойы
ғана отырып, шулаған жоқ.

3. БІРДЕҢЕНИ ТОҚТАТУҒА НЕМЕСЕ ҚАШУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Мінез балаға өзіне ұнамайтын әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға көмекесуі мүмкін.



БАЛАНЫҢ БІРДЕҢЕНИ ТОҚТАТУҒА НЕМЕСЕ ОДАН ҚАШУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТУ КЕРЕК?


Егер балаңыз қашқақтайтын немесе орындаудан бас тартатын әрекет ол үшін тым қыын болса, оны:

- Оңайлатып көріңіз;
- Көмек ұсынып көріңіз;
- Суреттері бар графикті пайдаланып көріңіз;
- Кері санауды немесе таймерді қолданып көріңіз

19

Егер балаңыз сол әрекетті орындаі алса, мейірімді, бірақ табанды болыңыз.

Балаға оның жағымсыз мінез-құлқы әрекетті тоқтатуға алып келмейтінін түсінуге көмектесіңіз.



Ұсыным № 4

ЕГЕР БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ІС-ӘРЕКЕТТІ ТОҚТАТУФА НЕМЕСЕ ОДАН ҚАШУҒА БАҒЫТТАЛСА, ОЛ ҮШІН ТҮСІНІКТІ, БІРІЗДІ ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ТАЛАПТАР ҚОЙЫҢЫЗ

- **ТҮСІНІКТІ:** балаңыз түсінетін сөздерді пайдаланыңыз
- **БІРІЗДІ:** әр кез сайын балаға тек бір ғана түрлі талап қойыңыз, қадамдарды бірте-бірте күрделендіріңіз
- **ЛАЙЫҚТЫ:** балаңыздың деңгейіне сай істерді және әрекеттерді таңдаңыз
- Егер іс-әрекет тым күрделі болса, ол бас тартуы немесе кетіп қалуы әбден мүмкін
 - Іс-әрекетті бала үшін едәуір оңай және көңілді етіңіз: көмектесініз, мақтаңыз, әндептіңіз, орынды жайлы етіңіз, іс-әрекет үшін ыңғайлырақ уақыт таңдаңыз
- Егер іс-әрекет тым оңай болса, баланың зерігін және кетіп қалуы әбден мүмкін
 - Материалдарды әртүрлі етіп немесе жаңа қадамдарға үйретіп, іс-әрекетті ол үшін едәуір қызықты етіңіз

20

1

Алдымен жуынамыз,
сосын кітап оқимыз



2



3

3...2...1!
Бітті!



4

Жарайсың!
Жуындың!



4. СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Мінез-құлыш балаға қандай да бір сезімге бөлениңе көмектесуі мүмкін



Балаға матаны ұстаған
ұнайтындықтан, ол бөтен
адамның киімін ұстауға тырысады

Бала жерде жатқан лас және
қауіпті заттарды алып, кеміреді

СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА БІЗГЕ ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТУ КЕРЕК?

21

Балаға қажетті сезімге бөлениңдің лайықты әдісін таңдаңыз.
Орынбасушы мінез-құлышты ойлап табыңыз:

Мысалы, матаны ұстаған ұнайтындықтан, бөтен адамның киімін
ұстауға тырысатын балаға

- ұстағысы келетін матаның кесіндісін беріңіз
- мата кесіндісін сөздердің немесе ым-ишарапың көмегімен
сұрауды үйретіңіз
- егер сол дағдыны (мата кесіндісін сұрауды) үйренсе, өзін қажетті
сезіммен марапаттайды

Жерде жатқан лас және қауіпті заттарды алып, кеміретін балаға

- пластик түтікті қармақ жібіне немесе жіңішке жіпке кигізіп,
«моншақ» жасаңыз. Балаға еденнен алған лас заттардың орнына
«моншақты» кеміруге үйретіңіз.

Ұсыным № 5

БАЛАҒА СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ АЛМАСТЫРУ ҮШІН ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ОРЫНДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ҮЙРЕТИҢІЗ

- Өзіңізден сұраңыз:
 - мұндай мінез-құлық балама қауіп төндіре ме?
 - мұндай мінез-құлық балама оқуға және үйренуге кедергі бола ма?
 - мұндай мінез-құлық орынды ма?
- Егер осы сұрақтарға «Жоқ» деп жауап берсеңіз – бұл сіз үшін басты міндет емес, баланың басқа жағымсыз мінез-құлық түрлеріне зейін қойыңыз
- Егер осы сұрақтарға «Ия» деп жауап берсеңіз – өзіне қажетті сезімдерге бөлене алуы үшін балаға қауіпсіз және орынды мінез-құлықты үйретіңіз. Мұндай мінез-құлық жағымсыз мінез-құлықтың орнын басады

Балаға өзі мұқтаж сезімдермен бөлісуді және сөздер мен ым-ишарапы пайдалану арқылы сұрауды (мысалы, өзін құшақтауды өтінуді, т. б.) үйретіңіз



Матаны ұстағанды
ұнататындықтан, бала бейтаныс
адамның киімін ұстайды

Оның орнына балаға мата
кесіндісін ұстатьыңыз және сол
туралы сөздер мен ым-ишарапы
пайдалану арқылы сұрауды
үйретіңіз

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауп беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауптармен салыстырып тексере аласыз.

Сұрақ 1

Нұсқаулық: сол жақтағы мінез-құлдықты оң жақтағы мінез-құлдық себебімен оларды өзара біріктіретін сыйық жүргізіп, түйістірініз. Содан кейін жауптарыңызды келесі беттен тексеріңіз.

**A). Марат далада ойнағанда
анасы ұйықтайдын үақыт
келгендіктен үйге шақырса, ол:
«Жоқ, жоқ!» деп айғайлап,
жерге құлай кетеді.**

Жағымсыз мінез-құлдыққа
жауп ретінде балаға затты
бермеу керек.

**B). Тимурға жарыққа қараған
ұнайды, кейде жарыққа қарап
тұрып, саусақтарын көзіне
жақындалп, әрі-бері көзінің
алдында жылжытады. Көңіл-
күйі көтеріңкі кездे ол
қолдарын қанаттар сияқты
сермейді.**

Жағымсыз мінез-құлдыққа
көңіл аудармау және реакция
көрсетпеу керек, ал тиісті
мінез-құлдық үшін мақтаумен
және көңіл бөлүмен
марапаттау керек.

**C). Экесі телефонмен
сөйлескенде Илья айғайға
басып, ойыншықтарын жерге
лақтыра бастайды.**

Талаптарды түсінікті ету керек
және балаға жағымсыз мінез-
құлқы әрекеттен қашып
құтылуға көмектеспейтінін
үғынуға көмектесу керек.

**D). Сара анасымен бірге
кемпит сататын дүкеннің
жанынан өтіп бара жатқанда
Сара қынқылдалп, анасын
дүкенге қарай тарта бастайды.**

Балаға қалаған сезіміне
бөленудің ең жақсы әдісін
көрсету керек. Бірақ егер оның
мінез-құлқы оның
айналадағылармен өзара
әрекеттестігіне және үйренуіне
кедергі келтірсе, ойланыңыз,
алдымен басқа жағымсыз
мінез-құлдық көріністеріне
зейін қойған жөн болар.

Сұрақ 2

Нұсқаулық: Келтірілген нұсқалардың ішінен сұраққа мейлінше сай келетін жауапты таңдап, өз жауабыңыздың нұсқасын шеңберге алыңыз. Содан кейін дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз де, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз.

Мадинаның анасы қызының шашын өріп жатқанда оның тыныш отырғанын қалайды. Шашын өріп жатқанда Мадина қыңқылдай бастаса, оған не істеу керек?

- A. Шашын абайлап өріп жатқанына және Мадинаның еш жерін ауыртпайтынына коз жеткізуі керек.
- B. Шаш өруді жалғастырып, ән айтып беруі керек.
- C. Шаш өріліп біткенге дейін қалған секундтарды санауы керек.
- D. Бір бұрым өрілгеннен кейін және екінші бұрымды бастамас бұрын үзіліс жоспарлау керек, бірақ Мадина қыңқылдай бастай сала бірден үзіліс жасамау керек.
- E. Жоғарыда айтылған барлық нұсқалар (a, b, c және d).

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз. Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз.

Сұрақ 1

Жауаптар және түсіндірмeler:

A. Талаптарды түсінікті ету керек және балаға жағымсыз мінез-құлқы әрекеттен қашып құтылуға көмектеспейтінін үғынуға көмектесу керек.

- Марат үйге қайтудан және үйиқтауға жатудан бас тартып, оның орнына жерге құлай кеткенде үйқыға жататын үақытты кейінге шегеруге тырысады. Анасы оғана «алдымен-кейін» карточкасын көрсетіп және «Алдымен көшеде ойнаймыз, сосын үйиқтаймыз» деп айтып, түсінікті талаптар қалыптастыра алады. Анасы сонымен бірге баланың далада қанша үақыт өткізе алатынын да айта алады. Егер Марат жағымсыз мінез-құлық көрсетсе, оған ұзағырақ ойнауға рұқсат етпеу керек.

B. Балаға қалаған сезіміне бөленудің ең жақсы әдісін көрсету керек. Бірақ егер оның мінез-құлқы оның айналадағылармен өзара әрекеттестігіне және үйренуіне кедергі келтірсе, ойланыңыз, алдымен басқа жағымсыз мінез-құлық көріністеріне зейін қойған жөн болар.

- Тимур гирляндаға қарап, көзінің алдында саусақтарын қимылдатқанда көру қабілеті арқылы сезімге бөленеді. Ол қолдарын қанат сияқты сермегенде де қимыл-қозғалыстық сезімге бөленеді. Сол сезімдер оған тыныштануға көмектеседі. Егер оның осындағы мінез-құлқы басқа адамдармен өзара әрекеттесуге әрі үйренуге кедергі келтірмесе, онда алдымен басқа жағымсыз мінез-құлық көріністеріне зейін қойған дұрыс болар.

C. Жағымсыз мінез-құлышқа көніл аудармау және реакция көрсетпеу керек, ал ал тиісті мінез-құлышты мақтаумен және көніл бөлүмен марапаттау керек.

- Егер Илья оның жанына барып, тыныш отыруын айтса, онда көніл бөлген болады, ал бала тіпті осындай жағымсыз сипатта көніл бөлуді өз жетістігі деп қабылдауы мүмкін. Ең дұрысы, Илья жағымсыз мінез-құлышқа көрсетіп жатқанда оған қарамау керек және сөйлеспей керек. Содан кейін ол үндемей отырғанда жанына барып, тыныш отырғаны үшін мақтау керек.

D. Жағымсыз мінез-құлышқа жауап ретінде балаға затты бермеу керек. Жағымсыз мінез-құлышқа көніл аудармау және реакция көрсетпеу керек, ал ал тиісті мінез-құлышты мақтаумен және көніл бөлүмен марапаттау керек.

- Сара анасының дүкен жанынан өткен сайын оған кәмпіт алып бергенін қалайды. Ол қатты қыңқылдайды. Сара қыңқырлық көрсеткенде анасына оған кәмпіт бермегені жөн. Ол Сараға қарамай және онымен сөйлеспей, жылағанын елемесе болады. Кейін Сара тынышталғанда анасы оны «Өзіңді жақсы ұстағаныңа рақмет, Сара» деген сөздермен мақтауы керек.

Сұрақ 2. Дұрыс жауап Е: Жоғарыда келтірілгендердің барлығы (A, B, C және D)

Түсіндірме:

Қызының еш жерін ауыртпайтынына көз жеткізіп, Мадинаның анасы оның шашын өріп жатып, ән айта бастаса немесе кері санай бастаса (өз бетінше немесе таймердің көмегімен), тапсырма оңай бола түседі. Егер ұзақ іс-әрекет болса, бір бұрым өрілгеннен кейін үзіліс жасауды жоспарлауға болады. Алайда, Мадина қыңқылдағанда анасы оның шашын өруін тоқтатпағаны жөн, себебі, болашақта дәл осылай қыңқылдау ықтималдығы артады. Сонымен бірге анасы Мадинаға шаш өруден кейін болатын ұнамды іс-әрекет бейнеленген суреттері бар кестені көрсете алады.

ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР

- Сегізінші сабакта біз балаңызға күнделікті өмір дағдыларын менгеруге сіз қалай көмектесе алатыныңызды талқылаймыз. Сабақ _____ өтеді.
- Егер қандай да бір себеппен келесі сабакқа келе алмасаңыз, 9-шы сабакқа келіңіз.
- Откізіп алған материалды менгеруге көмектесу үшін 15 минутқа ертерек келіңіз.
- Отінеміз, келесі сабакқа практика кезінде пайдалану үшін үйде пайдаланатын кейбір материалдарды алып келуге тырысыңыз.